

## Қазақстан Республикасында экономикалық өсуді қамтамасыз етудің орта мерзімді бағдарламасын әзірлеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 26 шілде N 110

Қазақстан Республикасының салаларын, аялары мен аймақтарын дамыту бағдарламалары мен тұжырымдамаларын бірыңғай ұйымдастыру-идеологиялық құжатта шоғырландырылуын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен және орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп 1999 жылдың 1 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасындағы экономикалық өсуді қамтамасыз етудің орта мерзімді бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) жобасы жөніндегі ұсыныстарды Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің қарауына е н г і з с і н .

2) заңдарда белгіленген тәртіппен Бағдарламаны техникалық әзірлеу және жүргізу жүктелетін субъектіні айқындасын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 20000000 (жиырма миллион) теңге іздестірсін және 1999 жылдың шілдесінен бастап Бағдарламаны заңдарда белгіленген тәртіппен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Орталық атқарушы органдардың басшылары:

1) өндірістер мен әлеуметтік аяның жұмыс істеуінің өзгерген жағдайларына сәйкес салалар мен аяларды дамытудың қазіргі бар бағдарламалары мен тұжырымдамаларын пысықтасын және оларды 1999 жылдың 1 тамызына дейін Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне ұсынсын;

2) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың құзыретті және жоғары білікті мамандарының Бағдарламаны әзірлеуге қатысуын қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жергілікті атқарушы органдардың мамандарының Бағдарламаны іске асырудың идеологиясы мен тетіктерін талқылауға қатысуын қамтамасыз етсін, 1999 жылдың 15 тамызына дейін орталық және жергілікті атқарушы органдардың өзара қарым-қатынас жүйелерін жетілдіру, аймақтардың өндірісі мен әлеуметтік аясын дамыту жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне ұсынсын.

5. Осы өкімнің атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

6. Осы өкім қол қойылған күнінен бастал күшіне енеді.

# П р е м ь е р - М и н и с т р

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ